

**А.М. Мухтарханова** 

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.  
e-mail: ainagul\_mukhtark@mail.ru

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОНЛАЙН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқыту тарихында қолданылатын әдіс-тәсілдердің барлығы техникалық құрал-жабдықтарға байланысты болды. Кейіннен оларға қоса, жаңаша түрлі инновациялық технологиялар пайда болды. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ағылшын тілі сабақтарында түрлі оқу платформаларын қолдану тәжірибесі әлдеқашан қалыптасқан. Алайда, әлемде қалыптасқан коронавирус пандемиясына байланысты мәжбүрлі онлайн оқыту оқытушылардың алдына басқаша мәселе қойып, басқа көптеген тың білім мен біліктіліктерді игеруге себеп болды. Аз уақыт ішінде онлайн оқытудың қыр-сырын меңгеріп, сабақтың сапасы мен студенттің пәнге қызығушылығын нашарлатып алмау керек болды. Сондықтан оқытушылар университет ұйымдастырған және республикалық, халықаралық семинарларға қатысты. Онлайн оқыту барысында түрлі бағдарламаларды қолдану оқытушының әдіс-тәсілдеріне ықпал етіп, сабақтың сапасын арттырады. Ұсынылып отырған мақалада оқытушылардың қолданып жүрген онлайн платформаларын талдап, олардың тиімділігі мен артықшылықтары, кемшіліктері талқыланады. Сонымен қатар, «қашықтықтан оқыту», «онлайн оқыту», «онлайн платформалар» ұғымдары айқындалды. Л. Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушылары арасында сауалнама жүргізілді. Өткізілген сауалнама нәтижелері университет оқытушыларының онлайн платформаларды қаншалықты сауатты қолдана алатындығын және оларды таңдауда қандай параметрлерге назар аударатындықтарын көрсетті.

**Түйін сөздер:** онлайн оқыту, қашықтықтан оқыту, оқыту бағдарламалары, ағылшын тілін оқыту, бағдарлама параметрлері.

A. Mukhtarkhanova

L. Gumilev Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan  
e-mail: ainagul\_mukhtark@mail.ru

### **Features of Platforms Used in Online Teaching English at Universities**

All the methods and techniques used throughout the development of teaching English in higher education have been dependent on technical equipments. Later, in addition to them, various new innovative technologies appeared. L.N. Gumilyov Eurasian National University has a long history of using various learning platforms in English lessons. However, due to the global coronavirus pandemic, compulsory online learning has presented a different challenge for teachers, which resulted in the acquisition of other new knowledge and skills. In a short time, it was necessary to master the features of online learning, so as not to reduce the quality of lessons and students' interest in the subject. Therefore, the teachers actively participated in national and international seminars organized by the university. The use of various programs in online learning affects the teacher's approach and improves the quality of the lessons. This article analyzes the online platforms used by teachers and discusses their advantages and disadvantages. In addition, the concepts of "distance learning", "online learning", "online platforms" were defined. A survey was conducted among the teachers of L. Gumilyov ENU. The survey results showed how competently university teachers can use online platforms and what parameters to pay attention to when choosing them.

**Key words:** online learning, distance learning, learning platforms, English learning, platform parameters.

А.М. Мухтарханова

Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан  
e-mail: ainagul\_mukhtark@mail.ru

### Особенности платформ, используемых при онлайн обучении английскому языку в вузе

Разные методы, используемые в истории преподавания английского языка в высших учебных заведениях, зависели от технической оснащённости урока. Со временем появились различные новые инновационные технологии. Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева имеет достаточно заметную историю использования различных учебных платформ на уроках английского языка. Однако в связи с глобальным распространением коронавируса обязательное онлайн-обучение поставило перед учителями другую проблему, результатом которой стало приобретение других новых знаний и навыков. В короткие сроки необходимо было освоить особенности онлайн-обучения, чтобы не снизить качество уроков и интерес студентов к предмету. Поэтому преподаватели активно участвовали в национальных и международных семинарах. Использование различных программ в онлайн-обучении влияет на подход преподавателя и улучшает качество уроков. В предлагаемой статье анализируются онлайн-платформы, используемые на занятиях, и обсуждаются их преимущества и недостатки. Кроме того, были определены понятия «дистанционное обучение», «онлайн-обучение», «онлайн-платформы».

Среди преподавателей ЕНУ им. Л. Гумилева был проведен опрос. Результаты опроса показали, насколько грамотно преподаватели вузов могут использовать онлайн-платформы и на какие параметры обращать внимание при их выборе.

**Ключевые слова:** онлайн-обучение, дистанционное обучение, обучающие программы, изучение английского языка, параметры платформ.

#### Кіріспе

Қазақстанда және бүкіл әлемде орын алған коронавирус пандемиясы (COVID-19) елдің саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріне үлкен әсерін тигізді. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы (БДҰ) аталған ауруды ғаламдық пандемия ретінде және оның өршуіне байланысты халықаралық төтенше жағдай жариялағаны белгілі [1] (Коронавирусқа орай..., 2021). Пандемия елдің қалыптасқан өмір тәртібіне, психологиясына орасан зор зиянмен қатар, көп өзгерістер әкелді. Халық басқаша өмір салтына бейімделуіне тура келді. Еліміздегі және әлемдегі ең алып, қозғаушы тетіктің бірі білім саласы. Білім саласы қоғам мен жанұяны жалғастыратын, елдің болашағын даярлайтын, тәрбие, оқу, білім алу үрдістерін қамтитын күрделі сала. Міне, пандемияның ел ішіне жаппай таралып кетуінің алдын алу мақсатында тез арада ұйымдастыруды қажет еткен, тоқтата тұруға келмейтін мәселенің бірі оқу үдерісі болды. Қазақстанда Білім және ғылым министрлігінің күшімен жедел түрде барлық білім ошақтары жабылып, тұтас қашықтықтан оқыту жүзеге асырылды. Осы уақытқа дейінгі зерттеулерде «қашықтықтан оқыту», «онлайн оқыту», «онлайн платформалар» деген сияқты терминдер жоғары технологиялық жетістік, оқытудың инновациялық әдістері ретінде қарастырылып,

еліміздегі бірқатар оқу орындары «қашықтықтан оқыту» тәжірибесін енді өтіп, мұғалімдер мен оқытушылар сабақтарының сапасын арттыру үшін өздігінен түрлі онлайн платформаларды қолданып жүргені құпия емес.

*Мақаланың мақсаты* – Елімізде мәжбүрлі басталып кеткен «қашықтықтан оқыту» мен бұған дейінгі «қашықтықтан оқыту» мен «онлайн оқыту» арасында қандай айырмашылықтар бар екендігіне қысқаша тоқталуды жөн көрдік. Онлайн платформалар дегеніміз не? Онлайн платформаларды таңдау параметрлері қандай? Ұсынылып отырған жұмыста осы сұрақтардың жауаптарын талдап, оқытушы назарына басқа да зерттеу тақырыптарына ой тастамақпыз.

*Зерттеудің методологиясы мен әдістері* – зерттеу барысында тарихи, салыстырмалы-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау, салыстыру т.б. әдістер қолданылды.

#### Әдеби шолу

Алдымен «қашықтықтан оқыту» мен «онлайн оқыту» ұғымдарына тоқталсақ, қашықтықтан оқытуды қолдану кезінде студенттер үйде онлайн режимінде жұмыс істейді, мұғалім жұмысты тағайындайды және сандық түрде тексереді. Қашықтықтан оқыту оқытушы мен студенттер арасындағы жеке қарым-қатынасты қамтымайды. Дегенмен, олар хабар алмасу

бағдарламалары, бейне қоңыраулар, пікірталас тақталары және LMS сияқты байланыстың цифрлық нысандарын пайдаланып, байланысқа шыға алады (Howard, 1993:14) [2]. Қашықтықтан оқыту дегеніміз, кезінде сырттай оқу курстарынан тұрды, онда студент пошта арқылы тапсырма жіберіп, хабарласып тұрды. Бүгінгі таңда бұл онлайн білім беруді қамтиды. Қашықтықтан оқыту бағдарламасы толығымен қашықтықтан оқыту немесе оның дәстүрлі аудиториялық оқытумен аралас жиынтығы болуы мүмкін. Интерактивті және Интернет немесе басқа желілік технологиялар арқылы ашық қолжетімділікті ұсынатын жаппай ашық онлайн курстары (МООС) – бұл қашықтықтан білім берудің жаңаша оқу режимі. Қалған терминдер (e-learning, m-learning, онлайн оқыту, виртуалды сынып және т.б.) қашықтықтан білім беру ұғымының синонимдері ретінде қолданылады [3] (Википедия, 2021).

Керемидчиева мен Янковтың анықтауынша, қашықтықтан оқыту дегеніміз – білім алу үшін мектепте, колледжде немесе университетте физикалық түрде қатысуға міндетті емес студенттерге қолданылатын термин. Оның бастауы колледждегі сырттай оқу курстары болып табылады, онда студенттерге оқу материалдары орналастырылған, олардың көпшілігі студент пен оқу орны арасындағы ақпарат алмасу арқылы өтетін курстар. Бүгінгі күні қашықтықтан оқыту көбінесе интерактивті термин ретінде қолданылады [4] (Керемидчиева, Янков, 2001: 116).

Қашықтықтан оқыту, электронды оқыту және онлайн оқыту – оқытушылар мен студенттердің физикалық бөлінуі және оқушы-мұғалім мен оқушы-студенттің қарым-қатынасын жеңілдететін түрлі технологияларды қолдану кіреді. Қашықтықтан оқыту дәстүрлі емес студенттерге, мысалы, күндізгі жұмысшыларға, әскери қызметшілерге, сондай-ақ шалғай аудандардағы резидент еместерге немесе аудиториялық дәрістерге қатыса алмайтын адамдарға бағытталған [5] (Ньюби т.б., 2000: 210).

Насибуллоу қашықтықтан оқытудың төрт сипаттамасын атайды: – біріншіден, қашықтықтан оқыту белгілі бір білім беру ұйымдары арқылы жүзеге асырылады; – екіншіден, географиялық бөліну қашықтықтан оқытуға тән, уақыт студенттер мен оқытушыларды да бөлуі мүмкін. Қол жетімділік пен ыңғайлылық – білім берудің осы режимінің маңызды артықшылығы. Жақсы ойластырылған бағдарламалар студенттердің зияткерлік, мәдени және әлеуметтік айырмашылықтарын жоя алады; – үшіншіден, интерактивті

телекоммуникациялар арқылы оқытушы-оқушы байланысы [6] (Насибуллоу, 2013:71). Интернет, ұялы телефондар мен электрондық пошталар қашықтықтан оқытудың қарқынды өсуіне ықпал етті.

Қашықтықтан оқыту 1874 жылы жексенбілік мектеп мұғалімдері мен шіркеу қызметкерлерін оқыту бағдарламасы ретінде басталды. Бағдарлама үйде оқуға және сырттай оқуға арналған курстарды қамтыған екен [7] (Берг, 2016:4).

Ал Стауффердің пікірінше, онлайн режимінде (кейде e-Learning деп аталады) студенттер сандық сабақтар мен бағалау кезінде аудиторияда студенттермен бірге жұмыс жасайды. Онлайн режимінде оқыту тұрақты негізде оқытушы мен студенттердің қарым-қатынасын қамтиды. Бұл онлайн оқыту басқа оқыту стратегиясымен қатар, аралас оқыту әдісі ретінде қолданылады [8] (Стауффер, 2020:3).

Енді бір ақпарат көзі онлайн режимінде оқыту курстары 100% онлайн болып табылады, бұл студенттерге қай жерде, қай уақытта, қалай үйренетінін таңдауға еркіндік береді дейді. Онлайн оқыту студенттің кез келген жерден оқуына мүмкіндік береді [9] (Стаффорд университеті сайты, 2020). Онлайн оқыту – қашықтықтан оқытудың бір формасы және ол соңғы жылдары қашықтықтан оқытудың ең үлкен секторына айналды [10] (Тьюан, 2015:310). Ғалымдардың еңбектерінен онлайн оқыту, қашықтықтан оқытудың бір саласы, тіпті синонимі болып келетіндігін байқадық. Қашықтықтан оқыту мен онлайн оқыту, екеуі де ғаламтор желісі арқылы, түрлі мультимедиялық технологиялар мен платформалардың көмегімен жүзеге асады. Біздің елімізде орын алып жатқан, онлайн немесе қашықтықтан оқыту оқытушы мен білім алушының арасындағы тығыз байланыс, сабақ өткізу және бағалау үдерісі барлығы сақталған, бір айырмашылық бетпе-бет емес, виртуалды түрде, түрлі мультимедиялық технологиялар мен онлайн платформалардың көмегімен тікелей, шынайы байланысқа шығу деп айтуға болады.

«Онлайн платформа» терминіне келетін болсақ, платформа – бұл түрлі қосымшалар, процестер немесе технологиялар жасалынатын негіз ретінде қолданылатын технологиялар тобы. Жеке компьютерлерде платформа – бұл бағдарламалық жасақтаманы басқаруға болатын негізгі аппараттық құрал (компьютер) және бағдарламалық жасақтама (операциялық жүйе). Бүгінгі таңда смартфондар мен планшеттер сияқты жаңа мобильді құрылғылар өздерінің бағдарламалық және аппараттық құралдарына

ие. Олар басқа жүйелерге тәуелсіз жұмыс істейді және өздерінің қосымшаларын, құралдарын және басқа бағдарламалық жасақтамаларын басқара алады, сондықтан оларды платформа ретінде тиімді қарастыруға болады (Онлайн сөздік).

«Онлайн платформа» интернетте қол жетімді қызметтерді «ынтымақтастық» деп аталатын қызметтерді сипаттау үшін пайдаланылады. Онлайн платформасы Интернет арқылы қызмет ететін екі немесе одан да көп нақты, бірақ өзара тәуелді пайдаланушылардың өзара әрекеттесуін жеңілдететін сандық қызмет ретінде анықталған [11] (OECD кітапханасы, 2019).

Онлайн платформа – электронды виртуалды орта. Оқу мақсаттарын жобалау және дамы-

ту үшін Интернет технологиясын қолданатын арнайы жасалған платформа [12] (Каримов, 2017:69).

### Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі ғылым мен технологияның дамыған заманында, әрине онлайн сабақ өткізуге бағытталған мультимедиялық платформалар өте көп. Олар қашықтықтан оқытуға, сабақты алдын ала жазып, жүктеп қоюға немесе қашықтықтан виртуалды сабақ өткізуге және басқа да көптеген мүмкіндіктерді қамтиды. Алдымен төменде ғаламторда ұсынылған онлайн платформалардың біршама тізімін және олар туралы қысқаша ақпаратты кестеде ұсынамыз (1, 2-кесте).

1-кесте – Ғаламторда ұсынылған онлайн платформалар тізімі

Онлайн платформа атауы	Udemy	Google Classroom	EdPuzzle	Microsoft Teams	Wooclap	Blackboard Collaborate
Қызмет түрі	Онлайн сабақ өткізу, жиналыс т.б.	Тапсырмаларды жүктеу, сыныпты енгізу, түрлі материалдарды жүктеу	Видео клиптер, тапсырмалармен жасау	Онлайн сабақ өткізу, жиналыс т.б. тапсырмалар жүктеу, видеожазба	Онлайн сабақ өткізу, жиналыс т.б. тапсырмалар жүктеу, видеожазба	Онлайн сабақ өткізу, жиналыс, конференциялар, семинар т.б. тапсырмалар жүктеу, видеожазба
Тегін/төлеу керек	т/т.к	тегін	т/т.к	т/к	тегін	т/к
Видео контентке қол жетімді ме?	ия	ия	ия	ия	ия	ия
Қандай құрылғыдан кіруге болады?	Кез келген	Компьютер	Кез келген	Кез келген	Кез келген	Кел келген

2-кесте – Ғаламторда ұсынылған онлайн платформалар тізімі

Онлайн платформа атауы	Сайт адресі
Google Classroom, Docebo, WizIQ, Adobe Captivate, Elucidat, Articulate 360, Shift, Lectora Inspire, Blackboard Learn	<a href="https://www.techradar.com/best/best-online-learning-platforms">https://www.techradar.com/best/best-online-learning-platforms</a>
3P Learning, Bloomz, Buncee, ClassDojo, Deck Toys, Edmodo, EdPuzzle, Edulastic, Eduplanet, Explain Everything Whiteboard, FlipGrid, Genially, Google Classroom, Habyts, Hapara, Kahoot!, Kapwing, LoopManagedMethods, Microsoft Teams, Osmo, Parlay, Pronto, Seesaw, Skype, Slack, start.me, StudyBee, Sutori, Webex, Wooclap Zoom	<a href="https://www.weareteachers.com/virtual-learning-platforms/">https://www.weareteachers.com/virtual-learning-platforms/</a> 30+ Virtual Learning Platforms and Tools for Teachers and Kids
Teachable, WizIQ, Ruzuku, Educadium, Thinkific, Academy Of Mine, CourseCraft, Skillshare	<a href="https://elearningindustry.com/elearning-platforms-use-online-courses-10">https://elearningindustry.com/elearning-platforms-use-online-courses-10</a>

Бұл кестеде ұсынылған тізім ғаламтордағы мыңдаған платформалардың бір ғана бөлшегі. Ал тәжірибе жүзінде аталған платформалардың қайсысын қолдандық, үйрендік және болашақта онлайн платформаларды таңдауда қандай параметрлерге көңіл бөлу керектігін айқындап көрсек.

Пандемияның ел ішінде таралуының алдын алу мақсатында 2020-2021 жылдың 16 наурызынан бастап Қазақстандағы (әлемдегі) барлық университеттер мен колледждер, мектептер онлайн режимінде оқытыла бастағаны белгілі. Еліміздегі беделді оқу орындарының бірі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті алғашқылардың бірі болып қашықтықтан оқыту процесін жедел ұйымдастырды. Сондықтан қашықтықтан оқытуды онлайн платформалар арқылы бір жылға жуық тәжірибеден өткізген оқытушылармен сұрақ-жауап ұйымдастырылды. Сұрақ-жауап мақсаты қазіргі жұмыс жағдайында пайдаланылған онлайн платформалардың ең тиімдісі және оларды таңдауда қандай негізгі параметрлері бар екендігін анықтау болды (3-кесте).

Сұрақ-жауап арқылы төмендегідей сұрақтар ұсынылды:

1. Онлайн сабақ алғаш басталғанда қандай платформаларда жұмыс жасадыңыз?
2. Кейінірек жұмыс жасап жүрген платформаны ауыстырдыңыз ба? Не себепті?
3. Сіз жұмыс жасаған барлық онлайн қосымшаларды атаңыз?
4. Онлайн сабақ өткізуге ең тиімді және қолайлы платформаларды атаңыз?
5. Сіз қолданған платформалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыз.
6. Онлайн платформаны таңдауда сіз қандай параметрлерге назар аударасыз?
7. Бір сабақ көлемінде басқа платформаларды неше рет қолданасыз?

Сұрақ-жауапқа барлығы 20 оқытушы қатысты. Сұрақ-жауап Survey Monkey сайты арқылы онлайн өткізілді.

Сұрақ-жауаптарды талдай келе, бірінші сұрақ бойынша онлайн сабақ алғаш басталғанда оқытушылар негізінен Платонус ЕҰУ, Moodle. enu, Zoom платформаларында сабақ өткізген, жауап берген оқытушылардың 98%-ы студенттермен What'up қосымшасы арқылы байланысқа шыққанын айтқан. Екінші сұраққа жауап берушілердің 28,5%-ы алғашқы платформаларды ауыстырғанын, 71,5 %-ы жұмыс жасап жүрген платформаларға қосымша платформаларды пайдаланғандығын жеткізген. Олардың себептері әр түрлі болып келеді: студенттердің пәнге моти-

вациясын арттыру; сабақты интерактивті өткізу үшін; студенттерден сабақты ауызша қабылдау үшін басқа платформаларды қолдануға тура келді; олардың ішінде Webex, Microsoft Teams платформаларын атаған; жазбаша тапсырмаларды студенттер көшіріп жібереді, сондықтан олардың білімін бағалау қиындық тудырды, сонымен студенттің жауабын онлайн тыңдап, бағаладым; жазбаша тапсырма қабылдағаннан, онлайн видео арқылы сабақ өткізу сабақтың сапасын арттырады. Келесі сұрақ арқылы біз оқытушылардың жалпы қандай онлайн платформаларын қолданғанын анықтадық. Олар Платонус ЕҰУ, Moodle.enu, Microsoft Teams, Google Classroom, Zoom, Webex, EdPuzzle, Mentimeter, Calameo, Socrative, Camtasia, Miro т.б. Онлайн сабақ өткізуге ең тиімді және қолайлы платформаларды атаңыз деген сұраққа оқытушылардың жауабы түрліше болған. Сұрақ-жауапқа қатысқан оқытушылардың 5,7%-ы What'up қосымшасын атаса, 14,4%-ы Google Classroom, 16,2 %-ы Zoom, 10,1 %-ы Webex, 42,5 %-ы Microsoft Teams, 11,1%-ы Платонус ЕҰУ, Moodle.enu, EdPuzzle, Calameo, Bandicam платформаларын атаған. Келесі сұрақ бойынша оқытушылар өздері қолданған платформалардың артықшылықтары ретінде сабақ жазбаларын сақтауға және оқытушыға да, студентке де кейін қарауға мүмкіндік беретіндігін, платформада студенттің үлгерімі туралы егжей-тегжейлі талдау жасалатындығын, барлық материалдар бір жерде сақталады және қолжетімді, қағазға жазудың қажеті жоқтығы, кез келген жерден кіруге болатындығы, уақытты үнемдеуге үлкен мүмкіндік беретіндігін, онлайн платформаларда жұмыс істеу сабақты интерактивті өткізуге мүмкіндік беретіндігін, көптеген мультимедиалық қосымшалардың сабақты ұйымдастыруға жеңіл және тиімді екендігін, онлайн платформаларды пайдалану арқасында сабақ өткізу әдістемесінің өзгергендігін атаған. Онлайн платформалардың кемшіліктері ретінде оқытушылардың басым бөлігі онлайн платформаларда шынайылық, яғни бетпе-бет қарым-қатынастың жетіспейтіндігін атаған. Сонымен қатар, қазіргі уақытта интернетке қол жетімділік кең таралғанына қарамастан, әлі де онлайн сабақ барысында интернеттің нашар ұстауы, онлайн жұмыс істеу тәжірибесінің аздығын, жаңа платформаларды игеру көп уақыт алатындығын, студенттің білімін бағалауда қиындықтар кездесетіндігін көрсеткен. Келесі онлайн платформаны таңдауда сіз қандай параметрлерге назар аударасыз атты сұраққа оқытушылардың 70%-ы онлайн платформа

таңдауға мүмкіндік болмады, университет әкімшілігі ұсынған платформаларда (Платонус ЕҰУ, Moodle.enu, Microsoft Teams) сабақты бірден бастап кеттік деп жауап берген. Бірақ жауап берген оқытушылардың басым бөлігі, университет ұсынған Microsoft Teams қосымша өте тиімді және жұмыс жасауға ыңғайлы платформа ретінде атаған. Сонымен қатар, Білім министрлігі және университет күшімен онлайн оқыту тақырыбында ұйымдастырылған семинарларға қатысып, көптеген жаңа платформаларды пайдаланғандықтарын атаған. Онлайн платформалардың негізгі параметрлері ретінде оқытушылар ең біріншіден жұмыс істеуге қолайлылығын, экранды көрсету мүмкіндігін, дауыстың нақты естілу сапасын, бейненің сапасын, тапсырмаларды жүктеу мүмкіндігін, сабақ барысында тесттер, тапсырмалар жасауға қолайлылығын атаған. Соңғы сұрақ мақсаты, бір

сабақ көлемінде оқытушы Microsoft Teams платформасында сабақ өткізе отырып, басқа платформаларды неше рет қолданатындығын анықтау болды. Оқытушылардың 10,5%-ы басқа платформаларды мүлде қолданып үлгермейтіндігін атаса, 30%-ы сабақ уақытында кемінде бір платформаны тестілеу үшін немесе тақтаны қолданатындығын айтса, білім берушілердің 38%-ы 50 минут көлемінде екі платформаны тестілеу, тақта, ойындар, интерактивті тапсырмаларды орындау үшін немесе Mind map, схемалар, кестелерді толтыру т.б. мақсатта қолданатындығын білдірсе, оқытушылардың 21,5%-ы үш платформаның біріншісін сабақтың ең басында, ұйымдастыру тапсырмаларын орындауда, Mind map толтыру, бекіту барысында және сабақ соңында тестілеу үшін, кроссворд шешу, тақтаға біріге жазу т.б. көптеген тапсырмаларды орындау үшін пайдаланатындықтарын жеткізген.

**3-кесте** – Ағылшын тілін қашықтықтан оқытуда қолданылатын бағдарламалар туралы сұрақ-жауап

р/н	Сұрақтар	Жауаптар
1	Онлайн сабақ алғаш басталғанда қандай платформаларда жұмыс жасадыңыз?	Платонус ЕҰУ, Moodle.enu, Zoom
2	Кейінірек жұмыс жасап жүрген платформаны ауыстырдыңыз ба? Не себепті?	1) студенттердің пәнге мотивациясын арттыру; 2) сабақты интерактивті өткізу үшін; 3) студенттерден сабақты ауызша қабылдау үшін; 4) студенттердің білімін дұрыс бағалау үшін; 5) онлайн сабақтың сапасын арттыру үшін;
3	Сіз жұмыс жасаған барлық онлайн қосымшаларды атаңыз?	Платонус ЕҰУ, Moodle.enu, Microsoft Teams, Google Classroom, Zoom, Webex, EdPuzzle, Mentimeter, Calameo, Socrative, Camtasia
4	Онлайн сабақ өткізуге ең тиімді және қолайлы платформаларды атаңыз?	What'up-5,7%, Google Classroom-14,4%, Zoom-16,2 %, Webex-10,1 %, Microsoft Teams-42,5 %, Платонус ЕҰУ, Moodle.enu, EdPuzzle, Calameo-11,1%
5	Сіз қолданған платформалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыз.	1. Артықшылықтар: сабақты жазып, сақтауға және кейін қарап талдауға мүмкіндік; 2. барлық материалдар бір жерде сақталады және қолжетімді, қағазға жазудың қажеті жоқ; 3. кез келген жерден онлайн қолжетімді; 4. уақытты үнемдеуге үлкен мүмкіндік; 5. мультимедиялық қосымшалардың көмегімен сабақты интерактивті өткізуге мүмкіндік; 6. жүйелілігі; 7. Кемшіліктер: шынайылық, яғни бетпе-бет қарым-қатынастың жетіспейтіндігі; 8. интернеттің нашар ұстауы; 9. онлайн жұмыс істеу тәжірибесінің аздығы; 10. жаңа платформаларды игеру көп уақыт алатындығы; 11. студенттің білімін бағалауда қиындықтар кездесетіндігі.
6	Онлайн платформаны таңдауда сіз қандай параметрлерге назар аударасыз?	1. экранды көрсету мүмкіндігі; 2. дауыстың нақты естілу сапасы; 3. бейне сапасы; 4. тапсырмаларды жүктеу мүмкіндігі; 5. сабақ барысында тесттер, тапсырмалар жасауға қолайлылығы.
7	Бір сабақ көлемінде басқа платформаларды неше рет қолданасыз?	Мүлде қолданып үлгермеймін – 10,5%, 1-40%, 2-30%, 3-19,5 %.

## Қорытынды

Мақала жазу барысында «қашықтықтан оқыту» мен «онлайн оқыту» ұғымдарын талдап, мәнін ашуға қадам жасалды. Ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, «қашықтықтан оқыту» сырттай оқудың баламасы және оқытушы мен студенттің толықтай физикалық тұрғыда ажырауы. Алайда, басқа зерттеушілер «онлайн оқыту» «қашықтықтан оқытудың» жаңа саласы деп анықтайды. Дегенмен, «қашықтықтан оқыту» мен «онлайн оқытуды» ұштастыратын ортақ белгілер бар: екеуі де интернет желісі арқылы жүзеге асады және белгілі бір платформалар арқылы оқу үдерісі жүзеге асады. Екеуінде де барлық материалдар қол жетімді, кез келген инновациялық және электрондық технологияларды қолма-қол пайдалануға мүмкіндік зор. Онлайн оқыту ағылшын тілі сабақтарында студенттің пәнге қызығушылығы мен мотивациясын арттыруға да ықпалы үлкен. Жоғарыда талданған онлайн платформалардың көмегімен, оқытушы бір сабақта бір емес екі, үш платформаны ұтымды пайдалана алады. Мысалы, сабақ басында ұйымдастырушылық кезеңде,

тақырыпқа кіріспе ретінде Mentimeter-де Word Cloud, Google Classroom немесе Miro арқылы Mind Map т.б. тапсырмаларды ұйымдастырса, Calameo, Camtasia, EdPuzzle т.б. платформаларда видеомен жаттығулар, кроссворд, талдау, талқылау, жұппен, топпен жұмыстарды орындайды. Сабақтың бекіту немесе қорытынды бөлімінде Socrative, Kahoot, Платонус ЕҰУ, Moodle.enu, Microsoft Teams т.б. платформаларда тестілеу, сауалнама, қорыту, проектилер, проблемалық тапсырмалар сияқты көптеген жаттығуларды орындайды. Оқытушылармен өткізілген сұрақ-жауап онлайн оқыту барысында әлі де шешілмеген мәселелер бар екендігін көрсетті. Оқытушылардың пікірінше, онлайн платформалармен оқыту оффлайн оқуға жетпейді; онлайн оқытуда студенттің білімін бағалауда қиындықтар кездесетіндігі сияқты кедергілер бар. Дегенмен, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, оның ішінде шетел тілдері кафедрасы оқытушыларының онлайн оқыту тәжірибесі жоғары деңгейде екендігін, оқытушылардың жаңаша білім мен біліктіліктерге кәсіби құлшынысы мен мотивациясын көрсетті.

## Әдебиеттер

- 1 Коронавируск арай төтенше жағдай жарияланды. Кіру режимі: <https://www.trt.net.tr/kazakh/liem/2020/01/31/koronavirusk-a-orai-totienshie-zhag-dai> (Кірген күні: 15.01.2021)
- 2 Howard R, McGrath I. (Eds.) Distance Education for Language Teachers: UK Perspective//Collection of papers from a symposium at the University of Edinburgh. 1993. pp. 13-16.
- 3 English Wikipedia // <https://en.wikipedia.org/wiki/> (Кірген күні: 15.01.2021)
- 4 Keremidchieva G, Yankov P. Callenges and advantages of distance learning systems//International Journal: Information and Security, 2001. Vol. 6. pp. 115-120.
- 5 Newby T.J., Stepich D. A. et.al. Instructional technology for teaching and learning: NJ: Merrill. 2000. pp. 210-212.
- 6 Насибуллов Р.Р. Развитие дистанционной формы обучения будущих учителей (конец XX – начало XXI вв.): монография. – Казань: Татарское Республиканское издательство «Хэтер», 2013. – 176 с.
- 7 Berg A., Simonson M. Distance learning education. Кіру режимі: <https://www.britannica.com/topic/distance-learning> (Кірген күні: 11.02.2021)
- 8 Stauffer B. What's the Difference Between Online Learning and Distance Learning? Кіру режимі: <https://www.aeseducation.com/blog/online-learning-vs-distance-learning> (Кірген күні: 18.02.2021)
- 9 What's the difference between Online Learning and Distance Learning? // Кіру режимі: <https://www.staffordglobal.org/articles-and-blogs/whats-the-difference-between-online-and-distance-learning/> (Кірген күні: 10.02.2021)
- 10 Tuan N. The Effectiveness of Online Learning: Beyond No Significant Difference and Future Horizons//MERLOT Journal of Online Learning and Teaching. – 2015. – Vol. 11, No. 2. – P. 309-319.
- 11 An Introduction to Online Platforms and Their Role in the Digital Transformation // Кіру режимі: [https://www.oecd-ilibrary.org/science-and-technology/an-introduction-to-online-platforms-and-their-role-in-the-digital-transformation\\_19e6a0f0-en](https://www.oecd-ilibrary.org/science-and-technology/an-introduction-to-online-platforms-and-their-role-in-the-digital-transformation_19e6a0f0-en) (Кірген күні: 9.02.2021) <https://doi.org/10.1787/53e5f593-en>
- 12 Каримов А. Виртуальная реальность современного образования: идеи, результаты, оценки: материалы VII Международной научно-практической интернет-конференции «Виртуальная реальность современного образования»: сборник статей и тезисов. – М.: МПГУ, 2017. – С. 67-70.

## References

An Introduction to Online Platforms and Their Role in the Digital Transformation [https://www.oecd-ilibrary.org/science-and-technology/an-introduction-to-online-platforms-and-their-role-in-the-digital-transformation\\_19e6a0f0-en](https://www.oecd-ilibrary.org/science-and-technology/an-introduction-to-online-platforms-and-their-role-in-the-digital-transformation_19e6a0f0-en) (Date of access: 9.02.2021) <https://doi.org/10.1787/53e5f593-en>

- Berg A., Simonson M.(2021). Distance learning education. Кіру режімі: <https://www.britannica.com/topic/distance-learning> (Date of access: 11.02.2021)
- English Wikipedia (2021). <https://en.wikipedia.org/wiki/>
- Howard R, McGrath I. (Eds.) (1993). Distance Education for Language Teachers: UK Perspective. Collection of papers from a symposium at the University of Edinburgh. pp. 13-16.
- Karimov A. (2017) Virtuálnaia reálnöst sovremennogo obrazovania: idei, rezültaty, osenki [Virtual reality of modern education: ideas, results, assessments]. Materialy VII Mejdunarodnoï nauchno- praktičeskoï internet-konferensii «Virtuálnaia reálnöst sovremennogo obrazovania»: sbornik stateï i tezisov [Materials of the VII International scientific and practical Internet conference “Virtual reality of modern education”: a collection of articles and abstracts]. Moscow : MPGU, 67-70.
- Keremidchieva G, Yankov P. (2001) Callenges and advantages of distance learning systems. International Journal: Information and Security. Vol. 6. pp. 115-120.
- Koronavirusqa orai tötense jağdai jarialandy [A coronavirus outbreak has been declared]. <https://www.trt.net.tr/kazakh/liem/2020/01/31/koronavirusk-a-orai-totienshie-zhag-dai> (Date of access: 15.01.2021) (in Kazakh)
- Nasibullov R.R.(2013) Razvitie distansionnoï formy obuchenia budușih uchitelei (kones HH – nachalo HHI vv.): Monografıa. [Development of distance learning for future teachers (late XX – early XXI centuries): Monograph]. Kazän: Tatarskoe Respublikanskoe izdatelstvo «Heter», 176. (In Russia)
- Newby T.J., Stepich D. A. et.al. (2000). Instructional technology for teaching and learning: NJ: Merrill. pp. 210-212.
- Stauffer B.(2021) What’s the Difference Between Online Learning and Distance Learning? Кіру режімі: <https://www.aeseducation.com/blog/online-learning-vs-distance-learning> (Date of access: 18.02.2021)
- Tuan N. (2015). The Effectiveness of Online Learning: Beyond No Significant Difference and Future Horizons//MERLOT Journal of Online Learning and Teaching. Vol. 11, No. 2. P. 309-319.
- What’s the difference between Online Learning and Distance Learning? <https://www.staffordglobal.org/articles-and-blogs/whats-the-difference-between-online-and-distance-learning/> (Date of access: 10.02.2021)